



**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын макұлдау туралы"  
Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1167 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын макұлдау туралы"  
Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы**

**Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық  
қауіпсіздігі тұжырымдамасын макұлдау туралы**

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және елдің  
экологиялық тұрақты дамуы жөніндегі мемлекеттік шаралардың кешенін айқындау  
мақсатында

*қаулы етемін:*

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған  
экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі екі ай мерзімде Тұжырымдаманы іске асыру  
жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өз қызметінде  
Тұжырымдаманың

*ережелерін басшылыққа алсын.*

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы*

*Президенті*

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2003

жылғы — — — " — — "

N \_ \_ \_ Жарлығы мен

мақұлданды

**Қазақстан Республикасының  
2004-2015 жылдарға арналған  
экологиялық қауіпсіздігі  
тұжырымдамасы**

Астана қаласы, 2003

**1. Жалпы ережелер 1.1. Қазақстан Республикасының экологиялық  
қауіпсіздігінің жай-күйі мен проблемалары**

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өте жаңа мемлекеттік жүйесінің құрылудының және қалыптасуының, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдардың жақсы үйымдастырылған және аумақтық бөлшектенген жүйесін - қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың жылдары болды. Бұл қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және дәйекті іске асыруды қамтамасыз етті.

Алайда, Қазақстанда көптеген он жылдықтар бойы қоршаған ортаға экстремальды жоғары техногендік жүктемелермен негізінен, табиғат пайдаланудың шикізат жүйесі қалыптасты. Сондықтан, экологиялық жағдайдың түбебейлі жақсаруы өзір болған жоқ және ол бұрынғысынша, биосфераның тұрақсыздандына, қоғамның тіршілік әрекетіне қажетті қоршаған ортаның сапасын оның қолдау қабілетінің жоғалтуға алып келетін табиғи жүйелердің тозуымен сипатталады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатың негіздері өтпелі кезеңнің экологиялық басымдықтары, атап айтқанда, жекешелендірудің экологиялық проблемалары, табиғат қорғау заңнамасының, мемлекеттік бақылау және сараптаманың, табиғат пайдаланудың экономикалық тетіктерінің, қоршаған орта мониторингінің жүйесін құру қажеттілігінің мәселелері қаралған Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі өкімімен макұлданған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасына енгізілген болатын.

Ұлттық экономиканың барлық салаларын реформалау қоршаған ортаны сактауды ескере отырып, табиғи ресурстарды пайдалануға қатынастардың өзгеруінің, әлеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асырудың негізі болды.

Осы Тұжырымдаманы қабылдаған сәттен бастап Қазақстан Республикасында қоғамдық дамуда байсалды өзгерістер болды. Мемлекет дамуының стратегиялық құжаттары өзірленді, табиғат қорғау заңнамасының негізі құрылды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі бірқатар конвенцияларға қол қойылды, табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды.

Осылайша, 1997 жылы "Қоршаған ортаны қорғау туралы", " Ерекше қорғалатын

табиғи аумақтар туралы", "Экологиялық сараптама туралы", 1998 жылы - "Радиациялық қауіпсіздік туралы" Зандар, ал 2002 жылы - "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Зан қабылданды. Табиғатты ұтымды пайдалану саласында Президенттің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" (1996 жыл) және "Мұнай туралы" (1995 жыл) Зан күші бар Жарлықтары, 2003 жылды Орман, Су және Жер кодекстері қабылданды. Қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің көпшілігі әзірленді және бекітілді.

Заңнаманы жетілдіру мақсатында республикада дамыған елдердің заңнамасына жақындастыруға және халықаралық стандарттарды енгізуге бағыт ұсталды. Қазақстан Республикасы 19 халықаралық конвенцияларға қол қойды және оларды іске асыру жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарларын әзірледі. Экологиялық сараптау жүйесі, рұқсат ету және бақылау-инспекциялық жұмыс жолға қойылған.

Тұжырымдаманың міндеттерін орындау нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту және міндетті экологиялық сараптаманы енгізу есебінен 90 жылдардың басымен салыстырғанда қоршаған ортаны ластаудың қарқыны біраз азайған. Алайда, мемлекеттің экологиялық осал аумақ мәртебесі және шешілмеген экологиялық проблемалары қазірге дейін сол күйінде қалуда.

Жоғарыда жазылғанға байланысты, елдің стратегиялық басымдықтарына сәйкес қазіргі жағдайдағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің міндеттерін түпкілікті қайта қарау, нақтылау және кеңейту көзделуде.

Жаңа Тұжырымдамада іске асырылмаған міндеттерді шешу көзделуде. Олардың ішінде: экологиялық қауіпсіздік пен табиғат пайдаланудың маңызды проблемалары жөніндегі, оның ішінде іргелі ғылыми зерттеулердің ұлғаймалы дамуын қамтамасыз ету; қоршаған ортаның жай-күйіне мониторингтің бірыңғай жүйесін енгізу; Қазақстан Республикасының аумағын экологиялық аудандастыру және арнаулы картографиялау.

## 1.2. 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын әзірлеудің көкейкестілігі және басымдықтары

Өлемдік тәжірибе көрсететіндей, экологиялық проблемаларды табысты шешу мен экологиялық апаттардың алдын алудың негізі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін экологияландыру болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретіндегі экологиялық қауіпсіздік тұрақты дамудың міндетті шарты болып табылады және табиғи жүйелерді сақтаудың және қоршаған ортаның тиісті сапасын қолдаудың негізі ретінде білінеді.

Осы Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы "Қазақстан - 2030" Стратегиясының басымдықтарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарына сәйкес, XXI ғасырдағы Күн тәртібінің негізгі ережелерін және 1992 жылғы Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро

декларациясының қағидаттарын, сондай-ақ Йоханнесбургте өткен (2002 жыл) Тұрақты даму жөніндегі Дүние жүзілік саммиттің шешімдерін ескере отырып әзірленген.

Коршаған ортаның жай-күйінің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізумен экологиялық қауіпсіздіктің онтайлы деңгейін қамтамасыз ету осы Тұжырымдаманың ережелерін кезең-кезеңдік іске асырылуын болжайды.

Бірінші кезең (2004-2007 жылдар) - қоршаған ортаның ластану деңгейін азайту және оны тұрақтандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

Екінші кезең (2008-2010 жылдар) - қоршаған ортаның сапа көрсеткіштерін тұрақтандыру және табиғат пайдалануға экологиялық талаптарды жетілдіру.

Үшінші кезең (2011-2015 жылдар) - қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу.

## **2. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты, негізгі міндеттері мен қағидаттары**

### **2.1. Экологиялық қауіпсіздіктің мақсаты**

Табиғи жүйелердің, қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер етулердің нәтижесінде туындастырын қатерлерден қоғамның өмірлік маңызы бар мұдделері мен жеке бас құқығын қамтамасыз ету экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты болып табылады.

### **2.2. Экологиялық қауіпсіздіктің негізгі міндеттері**

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: климаттың өзгеруі және Жердің озон қабатының бұзылуына алып келген антропогендік әсер е т у д і н ә з а ю ы ;

биоэртурлілікті сақтау және жердің шөлденуін және тозуының алдын алу; экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін оң а л т у ;

Каспий теңізі қайрақының ластануының алдын алу; су ресурстарының тозуының және ластануының алдын алу; табиғи ластанулардың, әуе бассейні ластануының, радиоактивті, бактериологиялық және химиялық, оның ішінде трансшекаралық ластануларды жою және алдын алу; өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемдерін қысқарту; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу.

**Қойылған міндеттерді шешу:**

заннаманы, табиғат пайдаланудың, мемлекеттік экологиялық бақылаудың және экологиялық мониторингтің экономикалық тетіктерін жетілдіру және жүйелеу;

табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оң т а й л а н д ы р у ;

коршаған ортаны қорғау, экологиялық статистика, экологиялық білім беру,

экологиялық үгіт-насихат және жұртшылықтың қатысуы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту;  
халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жолымен қол жеткізіледі.

## 2.3. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары

Мемлекеттің экологиялық қауіпсіз дамуы мынадай қағидаттарға негізделеді:

табиғи ресурстарды пайдаланудың экологиялық жол берілетін шектерін айқындайтын және қоршаған ортаны сапалы теңгермелі басқаруды қамтамасыз ететін шектеулердің, нормативтердің және шаруашылық әрі өзге де қызмет жүргізу ережесінің ғылыми-негізделген кешенін енгізу жолымен мемлекеттің тұрақты дамуы үшін барлық қоғамдық қатынастарды реттеуге экожүйелік тәсіл;

экологиялық қатерлердің алдын алу мақсатында жаһандық және ұлттық экологиялық қауіпсіздіктің өнірлік және жергілікті міндеттерінің бағыныштылығы;

қоршаған орта мен адамның денсаулығына зиянды өтеудің міндеттілігі (табиғат пайдаланушылар мен ластаушылар төлейді);

өндірістік күштерді дамыту мен орналастырудың экологиялық-экономикалық теңгермелігі (экологиялық сыйымдылық пен аумақтық жоспарлау қағидаттары);

қоршаған ортаға одан кейінгі экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаудың шаруашылық және өзге де қызметінің әсер етуін бағалаудың міндеттілігі;

халықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізімділігі жолымен экологиялық проблемаларды шешуде, қоршаған ортаны қорғау саласындағы шешімдерді қабылдауда хабардар болуы мен қатысуы;

халықаралық ынтымақтастықтағы әріптестік және халықаралық құқық нормасын сақтау.

## 3. Экологиялық қауіпсіздік проблемалары және оларды шешу жолдары

Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясының қағидаттарын ескере отырып, Қазақстанның экологиялық қауіпсіздік проблемалары жаһандық, ұлттық және жергілікті ретінде оларды шешудің маңыздылығы мен деңгейіне байланысты қаралады.

### 3.1. Жаһандық экологиялық проблемалар 3.1.1. Климаттың өзгеруі

"Жылыштай эффектісінің" есебінен болатын климаттың өзгеруі жалпы әлемдік көлемдегі проблема болып табылады және қоршаған ортаның жай-қүйіне маңызды ықтимал қатер төндіреді.

Қазақстан 1995 жылы Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ Үлгілік конвенциясын

бекітті, ал 1999 жылы осы Конвенцияға Киото хаттамасына қол қойды.

Көрсетілген хаттаманы бекіткен және оның қүшіне ені жағдайында Қазақстан жылышай газдарының шығарындыларын қысқарту жөніндегі сандық міндеттемелерді өзіне жүктей отырып, 1-қосымшаның Тарабы болады.

Қазақстанның Киото хаттамасын бекітуінің орындылығын айқындау үшін 2004 жылдың ішінде жылышай газдарының шығарындыларын қысқарту жөніндегі сандық міндеттемелерді Қазақстанның экономикасына әсері туралы зерттеулер жүргізу қажет.

Сөзсіз экологиялық тиімділікten басқа, Киото хаттамасын бекіту біздің ел үшін халықаралық инвестицияларды тарту, басқа елдердің экономикасына активтерді орналастыру мүмкіндігімен инвестор рөліндегі бірлескен жүзеге асыру жобаларына және таза даму тетіктеріне қатысу, өндірістің энерготиімділігін арттыру үшін елге технологияларды тарту сыртқы энергетикалықрынокта елдің экономикалық мұдделерін қорғау үшін көміртекті кредиттерді шоғырландыру, жылышай газдарының шығарындыларына квоталармен саудаласу жөніндегі перспективаларды ашады.

Киото хаттамасын бекіткеннен кейін нақты жобалар мен іс-шараларды іске асыруды көздейтін 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасындағы жылышай газдарының шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарлама әзірленетін болады.

### **3.1.2. Озон қабатының бұзылуы**

Жердің озон қабатының бұзылуы адамның, жануарлардың, өсімдіктер мен микроорганизмдердің денсаулығы үшін ықтимал қатер болып табылады.

1973 жылдан бастап байқаулар көрсеткендегі, Қазақстанның үстіндегі озон қабатының қалындығы 5-7 %-ке азайды.

Монреаль хаттамасына сәйкес қабылданған озон қабатын бұзатын заттарды пайдалануды реттеу жөніндегі шаралар әлемде оны 1986 жылдың деңгейімен салыстырғанда 10 есе қысқартуға жәрдемдесті.

Біздің ел 1998 жылы озон қабатын қорғау туралы халықаралық келісімдерге қосылды. Қазіргі уақытта Қазақстанда озон бұзатын заттарды (ОБЗ) пайдалануды қысқарту және оларды айналымнан алып қою, озон қабатын бұзбайтын заттарды ауыстырумен жаңа технологияларды енгізу жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Озон қабатын бұзу қатерін жоюдың негізгі жолдары мыналар болып табылады: пайдаланудан және оларды қауіпсіз жоюдан тез бас тартуды қамтамасыз ету, қабылданатын күш жігерлердің, табыстылығын растау үшін тропосферада ОБЗ концентрациясының заңсыз айналымының алдын алу және тұрақты мониторингін жүргізу.

Сондай-ақ, 2004 жылдың ішінде ОБЗ-ды пайдаланатын кәсіпорындардың қызметін лицензиялау жөніндегі қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған, ОБЗ-ды пайдалану қызметімен айналысатын мамандарды оқытууды және Қазақстанның

ұстіндегі озон қабатының жай-күйін зерделеу жөнінде іргелі ғылыми зерттеудерді жүргізуіді бастаған, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу жолымен ОБЗ-ды пайдалануды және алып қоюды қысқарту жөніндегі жұмыстарды жалғастырған жөн.

Осы іс-шараларды жүргізу нәтижесінде Жердің озон қабатын сақтауға жәрдемдесетін ОБЗ шығарындысы қыскарады.

### **3.1.3 Биоәртүрлілікті сақтау**

Қазақстанның экожүйесі Орталық Азияда және тұтастай алғанда, континентте биологиялық әртүрліліктің айрықшалығымен ерекшелінеді.

Түрлердің жоғалуы генетикалық деңгейдегі әртүрлілікті жоғалтуға және экожүйелердегі тиісті өзгерістерге алып келеді.

Биоәртүрлілікті нақты жоғалтудың негізгі себебі өмір сұру ортасы жойылуы және тозылуы, ең алдымен, ормандарды жою, топырақтың эрозиясы, ішкі және теңіз су қоймаларының ластануы, түрлердің өте көп дайындалуы болып табылады. Жақындағана бөтен туған түрлердің жерсіндіруі биоәртүрлілікті жоғалтудың маңызды себебі ретінде де танылған.

1994 жылы Қазақстан Республикасының биоәртүрлілігін сақтау үшін Биоәртүрлілік жөніндегі конвенция бекітілген, Биологиялық әртүрлілікті сақтау және теңгермелі пайдалану жөніндегі ұлттық стратегия мен іс-қымыл жоспары құрылған.

Биоэртүрлілікті сақтаудың неғұрлым тиімді шарасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру болып табылады. Республиканың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының ауданы 13,5 млн. гектарды немесе барлық аумақтың 4,9% құрайды, ол биологиялық әртүрліліктің экологиялық теңгерімін сақтау үшін жеткіліксіз және 10 % құрайтын әлемдік стандарттардан төмен.

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын дамыту мен орналастырудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес олардың алаңы 17,5 млн. гектарға дейін ұлғайту көзделген, бұл республика аумағының 6,4% құрайды.

Қазақстандағы биологиялық әртүрлілікті сақтау маңсатында биоәртүрліліктің жай-күйін бағалау және түгендеу, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың желісін ұлғайту және оларды жасанды молықтыру көмегімен табиғи популяциялардың сирек түрлерін сақтау әрі қазіргі заманғы табиғи және антропогендік процестерді ескере отырып, бұзылған аумақтарда қалпына келтіру, елдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік табиғи және мәдени мұра және биосфералық аумақтарды "Адам және биосфера" бағдарламасы шенберінде тізімге енгізу жөніндегі

Республика аумағының небәрі 4,2 % алатын Қазақстанның барлық ормандарының ерекше экологиялық, ғылыми, рекреациялық, эстетикалық және мәдени мәнін, сондай-ақ биологиялық әртүрліліктің табиғи резерваттары ретіндегі олардың жаһандық

рөлін ескере отырып, оларды ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесіне көшіру жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау қажет. Бұл үшін 2006 жылға дейін Мемлекеттік биосфералық резерваттардың желісін қалыптастыру бағдарламасын өзірлеу қажет.

Соңғы уақытта, әлемде кең таралған генетикалық өзгерген организмдер мен өнімдерді әкелу Қазақстан үшін нақты сыртқы қатер болып табылады. Бұкіл әлем бойынша генетикалық өзгерген организмдер мен өнімдердің кең таралу қауіптілігін ескере отырып, Биоәртүрлілік жөніндегі конвенцияның Биоқауіпсіздік жөніндегі Картахена хаттамасы қол қою үшін ашық. Қазақстанның Картахена хаттамасына қол қою генетикалық өзгерген организмдер мен өнімдердің трансшекаралық ауыстырылуымен байланысты қызметті біздің еліміздің аумағына жүзеге асыруға елдің жауапкершілігін арттыруға, елге оларды әкелуге жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдауға, зерттеулер мен ғылыми-техникалық өзірлемелердің ісінде өзара көмекті, сондай-ақ биотехнологиялар саласындағы ақпарат алмасуды қоса, тығыз халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы Тұжырымдаманың көрсетілген ережелерін іске асыру қоршаған орта объектілерін сақтауға және қорғауды дәйекті күшеттүге, оны белгілі бір тұрақтылық деңгейінде ұстап тұруға, өзін-өзі реттеу қабілетіне және тірі және тірі емес табигаттың түрлерінің, оның ішінде жойылу қаупі төнген тірі организмдердің генофондының әртүрлілігін сақтауға мүмкіндік береді.

### **3.1.4. Жердің шөлденуі және тозу**

Қазақстанның көп бөлігі қуаң аумақта орналасқан және шамамен оның аумағының 66% әртүрлі деңгейде шөлдену процестеріне ұшыраған. Алдын ала есептер бойынша жайылымның тозуы, егістіктің эрозиясынан, қайталама тұзданудан және басқа да себептен түспеген кіріс шамамен 300 миллиард теңгені құрайды.

Қазақстан үшін нақты ішкі қатерді білдіретін жердің шөлденуі мен тозу проблемасы шаң-тұз дауыларының туындауы және ұлken қашықтыққа әуе массаларының ластаушы заттарды көшіруі нәтижесінде біртіндеп трансшекаралық проблемаға айналуы мүмкін.

2004 жылдың ішінде шөлденудің көлемі мен құргақшылықтың теріс әсерінің алдын алуға және қысқартуға, тозған жерлердің және топырактың құнарлылығын қалпына келтіруге, халықтың экологиялық қауіпсіздігін күшеттетін ресурстық базаны сақтауды және/немесе қалпына келтіруді қамтамасыз ететін тұрақты жер пайдаланудың экономикалық тетіктерін өзірлеу мен енгізуге, сондай-ақ шөлденумен күрес процесінде халықтың кең қауымының ақпарат алуы мен қамтамасыз етуіне бағытталған шөлденумен күрес жөніндегі бағдарлама өзірлеу және бекіту қажет.

Бағдарламаның негізгі нәтижесі шөлдену процестерінің алдын алу және жердің тозу көлемдерін қысқарту, шөлденумен күрестің экономикалық тетіктерін енгізу, ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін арттыру болады.

### **3.2. Ұлттық экологиялық проблемалар 3.2.1. Экологиялық апат аймақтары**

Табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуы, флора мен фаунаның тозуы болған Арал және Семей өнірлері экологиялық апат аймақтары болып жарияланған және қолайсыз экологиялық салдар жағдайынан халықтың денсаулығына біраз зиян келтірілген. Экологиялық апат аймақтары елдің ішкі қауіпсіздігіне нақты қатер төндіреді.

Қазіргі уақытта, бұрынғы Семей полигонына жақын аудандарда (71,9 мың халқы бар 85 елді мекен) онкологиялық аурулардың және халықтың өлімінің, қан айналымы жүйесінің аурулары, жаңа туған сәбилер арасында жүрек ауруының дамуы және ерте қартаю әффектісінің жоғары деңгейі байқалуда.

Арал өнірі экологиялық аймағында (186,3 мың халқы бар 178 елді мекен) ішек-қарын аурулары мен қан аздығы, әсіресе әйелдер мен балалар арасында балалар өлімі мен тұа біткен аурулардың жоғары деңгейі байқалуда.

Экологиялық апат аймақтарында қатерді жою мақсатында экологиялық апат аймақтарындағы халықтың тұруының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайына кешенді талдау, оны сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді бағалау, экологиялық талаптарды әзірлеу және халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға ядролық сынақтардың және өзге де факторлардың әсерінің аумактардың экологиялық бағалауын және салдарларын ескере отырып, сауықтыру-оңалту іс-шараларын жүргізу, 2007 жылға дейін Халықтың ішкі көші-қон және экологиялық апат аймақтарының аумактарын шаруашылық пайдалану бағдарламасын әзірлеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажет.

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонын және Арал өнірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 182-ө Өкімімен құрылған ведомствоаралық жұмыс тобы жүзеге асырады.

### **3.2.2. Каспий теңізі қайранының ресурстарын қарқынды игеруге байланысты проблемалар**

Каспий теңізі бассейнінің көмірсугегі ресурстарын мемлекеттердің кең игеруі теңіз және жағалау маңы экожүйелеріне теріс әсердің көлемін ұлғайтады. Теңіз мәртебесінің айқындалмаған жағдайында трансшекаралық сипаттағы сыртқы экологиялық қатерлердің біраз мәні болады.

Теңіздің қазақстандық секторындағы көмірсугегі шикізатын алдағы жеделдетіп игеру елдің экологиялық қауіпсіздігі үшін ықтимал қатер төндіреді.

Каспий теңізінің қоршаған теңіз ортасын қорғау жөніндегі үлгілік конвенциясы және Басымдық іс-қимылдардың өнірлік стратегиясы Каспий теңізінің коммерциялық ресурстарын пайдалану және Каспийдің экожүйесін қорғау жөніндегі алдағы

іс-шараларға қатысты Каспий маңы елдерінің жалпы өзара іс-әрекеті жөніндегі негізгі  
бағыттарын айқындауды .

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасында 2005 жылдың аяғына дейін теңіз және жағалау маңы экожүйелеріне залал келтірмesten көмірсу тегін өндірудің мүмкін болатын шекті деңгейін айқындау жөніндегі арнаулы зерттеулерді жүргізу, геодинамикалық мониторинг жүргізу, иесіз мұнай скважиналарын және басқа да тарихи ластануларды жою, алаудағы ілеспе газды жағу және мұнай құбырлары мен радиоактивті ластануы бар жабдықтағы санкцияланбаған ластануды қысқарту жөніндегі шараларды қабылдау көзделеді.

Зерттеулер нәтижесі Каспий қорық аймағын зоналауды енгізетін теңіздегі экологиялық қауіпсіз шаруашылық қызметтің қамтамасыз ететін анық нормативтік экологиялық талаптарды әзірлеуі тиіс.

### **3.2.3. Су ресурстарының сарқылуы және ластануы**

Қазақстан су ресурстарының үлкен жетіспеушілігі елдерінің санатына жатады. Қазіргі уақытта су объектілері тау-кен өндіру, металлургия және химия өнеркәсібі кәсіпорындарының, қалалардың коммуналдық қызметтерінің жедел ластауына ұшырауда және нақты экологиялық қатер төндіреді. Ертіс, Нұра, Сырдария, Іле өзендері, Балқаш көлі неғұрлым ластанған. Ластануға халықты ауыз сумен қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылатын жер асты сулары да ұшыраған.

Су объектілеріне антропогендік жүктеме мен олардың қалпына келтіруге қабілеттілігінің арасындағы теңгерімсіздігі практикалық жағынан экологиялық қолайсыздықтың барлық ірі өзен бассейндерін қамтуына, ал су шаруашылығының мұқтаждарын жеткіліксіз қаржыландыру су шаруашылық объектілерінің өте қанағаттанғысыз (кей жерде апаттық) техникалық жай-күйін жеткіліксіз қаржыладыра алып келді .

Бар проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 қаңтардағы N 71 қаулысымен су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану проблемасын шешудің негізгі жолдары айқындалған Қазақстан Республикасы экономикасының және су шаруашылығы саясатының су секторын дамытудың 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданған, сондай-ақ жеткіліксіз көлемде және кепілді сападағы ауыз сумен халықты тұрақты қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен "Ауыз су" салалық бағдарламасы бекітілген, Қазақстан Республикасының Су кодексі және "Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған, сондай-ақ 2005-2010 жылдары Негізгі су бассейндерінің су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғаудың кестесін әзірлеу жөніндегі жұмыстар жүргізілетін болады.

2005 жылы қабылданған бағдарламалық құжаттардың дамуына іске асырылуы суды қажет ететін өндірісті дамытудың қарқыны мен көлемін шектеуге мүмкіндік беретін су үнемдеу жөніндегі республикалық мақсатты бағдарламаны әзірлеу; жаппай су үнемдейтін технологияларды, су пайдаланудың айналым және жабық жүйелерін енгізу, өнім бірлігіне және пайдалану жоғалуларына жекелеген су пайдалануды азайтуға, су шаруашылық жүйелерін есепке алу мен реттеудің қазіргі заманғы құралдарымен жарақтандыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің қолданыстағы ставкаларын саралау, су шаруашылық обьектілерін ұстап тұру мен жөндеу жөніндегі шығыстарды өзін өзі ақтауға кезең кезеңмен көшіру жөніндегі су пайдаланушыларға су беру жөніндегі қызмет үшін баға белгілеуді оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

2005-2010 жылдардың ішінде өзен экожүйелеріне жүктемені азайту мақсатында және олардың ластануы мен кірленуінің алдын алу үшін су қорғау аймақтарының жобалары және барлық пайдаланылатын су обьектілерінің жолағы әзірленетін болады, 2005-2006 жылдары су обьектілеріне ластаушы заттардың төгінділерін нүктеліден жиынтық нормалауға кезең кезеңмен көшіруге мүмкіндік беретін зиянды заттардың мүмкін болатын шекті нормативтерін және судың жай-күйінің мақсатты көрсеткіштерін әзірлеу жөніндегі ғылыми-қолданбалы зерттеулердің кешені жүргізілетін болады. Бұның бәрі ағынды суларды тазарту жөніндегі гимараттарды салу және қайта жөндеу кезіндегі жаңа технологияларды енгізуі жеделдетеді.

Су жетіспеушілігін бастан кешіп жатқан өңірлердегі бар су ресурстарының санын ұлғайту және сапасын жақсарту үшін өзен ағынын реттеу жөніндегі, оның ішінде бассейн аралық қайта бөлу жөніндегі, сондай-ақ жер асты ауыз суларын пайдалануды жеделдету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

### 3.2.4. Тарихи ластанулар

Ластанудың "тарихи" көздеріне қазіргі уақыттағы мынадай иесіз обьектілер жатады : мұнайгаз және гидрогеологиялық скважиналар, шахталар, кеніштер (оның ішінде радиоактивтік қалдықтармен), елдің экологиялық қауіпсіздігіне нақты қатер болып табылатын қалдықсақтауыш және ағынды сулардың жинақтаушылары.

Қазіргі уақытта Уран өндіру өнеркәсібінің радиоактивтік үйінділерді жою жөніндегі бағдарлама мен Иесіз мұнай және өздігінен ағатын гидрогеологиялық скважиналарды жою жөніндегі бағдарлама іске асырылуда. Алайда, бұл бағдарламалар тарихи ластанулардың барлық түрлерін толық қамтymайды. Сондықтан, тарихи ластануларды жою жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу қажеттілігі бар. Бұл бағдарламада кезең кезеңмен 2006 жылға дейін қоршаған ортаға олардың әсерін бағалаумен тарихи ластануларды барлық обьектілеріне толық түгендеуді жүргізу, ал 2010 жылдан бастап осындай обьектілерді жою жөніндегі жұмысты бастау болжануда.

Жаңа ластанулардың пайда болуына жол бермеу мақсатында олардың пайда болуын болдырмайтын құқықтық, экономикалық және өзге де тетіктерін әзірлеу және енгізу қажет.

### **3.2.5. Траншекаралық сипаттағы мәселелер**

Траншекаралық экологиялық проблемаларға су бөлу, траншекаралық су объектілерін, атмосфералық ауа мен топырақты ластау қауіпті технологияларды, заттар мен қалдықтарды өткізу, пайдалы қазбалардың шекаралық кен орындарын әзірлеу, ерекше табиғи кешендерді сақтау мәселелері жатады.

Траншекаралық экологиялық проблемалар шешілуі халықаралық шарттар шенберінде көршілес мемлекеттердің бірлескен іс-қимылдарымен қамтамасыз етілетін елдің экологиялық қауіпсіздігіне нақты сыртқы қатерді білдіреді.

2003 жылдың басында Қазақстан қауіпті қалдықтарды декларациялау және қайталама шикізат пен өнім түрімен республика аумағына олардың түсуінің алдын алу жөніндегі жаңа кеден ережелерін белгілеуге мүмкіндік берген Қауіпті қалдықтарды траншекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель

конвенциясына

қосылды.

Қазақстан траншекаралық өзендерді ұтымды пайдалану және қорғау проблемасын шешуге бірыңғай құқықтық тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін траншекаралық ағын сулар мен халықаралық өзендерді қорғау мен пайдалану жөніндегі Хельсинки конвенциясына қосылды. Алайда, Орталық Азия өнірінің қалған елдері осы конвенцияға қосылған жоқ және сондықтан, қауіпті заттардың ағып кетуінен мүмкін болатын әсерінің алдын алу, "ластаушы төлейді" қағидатын орындау жөніндегі ақылға қонымды және әділетті түрдегі траншекаралық ағын сулардың ағынын пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдамайды.

Траншекаралық сипаттағы экологиялық қатерлердің алдын алу және жою үшін мұналады:

2005-2007 жылдары Қазақстан мен іргелес мемлекеттердің шекаралас аудандарын экологиялық бағалау жөніндегі бірлескен зерттеулерді жүргізу;

Хельсинки конвенциясына Орталық Азия мемлекеттерінің қосылуы жөніндегі Қазақстанның бастамашылығын жылжыту жолымен траншекаралық су проблемаларын шешу;

ерекше табиғи кешендерді сақтау мақсатында 2005-2006 жылдардың ішінде Батыс Тянь-Шань мен Алтай-Саян өнірінде траншекаралық биосфералық аумақтарды құру қажет.

Қабылданған шаралардан нәтижелер әлеуметті траншекаралық экологиялық қатерлерді анықтауға, азайтуға және жоюға жәрдемдесетін болады.

### **3.2.6. Әскери-ғарыш полигондарының және сынақ кешендерінің әсер етуі**

Казіргі уақытта Қазақстан Республикасының аумағында төрт әскери сынақ полигоны және "Байқоңыр" кешені жұмыс істейді. Зымырандардың жерге түсетін және құлайтын бөліктері, жоғары улылық отынның ағуы және қоршаған ортаға және тікелей жақын тұратын халыққа теріс әсер көрсететін басқа да факторлар нақты экологиялық қауіп

төндіреді.

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымыран тасығыштарды ұшыру жалпы ауданы 12,24 млн. га бөлінетін бөлшектердің құлау аудандарымен қамтамасыз етіледі. Осы жағдайларда қоршаған ортаның жай-күйін бағалау ғарыш құралдарын, әскери техниканы және әскери объектілерді шығару, сынау, сақтау және пайдалану орындарында, сондай-ақ өнеркәсіп үйымдарды орналастыру орындарында, зымыран-ғарыш қызметін жүзеге асыратын әскери бөлімдер мен құрылымдардың орналасу орындарында техногендік ықпал етуінде алдын алу мен жоюдың проблемасын шешуде

мәңгілік маданияттың орын алады.

Казіргі уақытта "Зымыран-ғарыш қызметіне ұшыраған Қазақстан Республикасының аумағындағы участеклердің экологиялық жай-күйінің мониторингі" бюджеттік бағдарламасы жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысымен бекітілген Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде әскери-сынақ полигондарының аумақтарын кешенді гидрогеологиялық және геоэкологиялық зерттеулөр

басталды.

Ғарыш құралдарының бірқатар міндеттерін шешуде балама жоқ болғандықтан, қоршаған орта мен халықтың денсаулығына зымыран-ғарыш қызметінің әсерін азайту, зымыран-ғарыш кешендерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету барған сайын көкейкестілікке

аяналуда.

Осыған байланысты 2005 жылы Полигон аумақтарының экологиялық жай-күйінің мониторингі жөніндегі бағдарламаны әзірлеу қажет.

### **3.3. Жергілікті экологиялық проблемалар 3.3.1. Өлең алабының ластануы**

Атмосфераның негізгі ластануы түсті металургия, жылу энергетика, қара металлургия, мұнай-газ кешені мен көлік кәсіпорындарындағы шығарындылармен байланысты. Атмосфералық ауаның ластануынан шынайы қауіп халық денсаулығының нашарлауында және қоршаған ортаның құлдырауында білінеді.

Атмосфералық ауаның ластану проблемасы көп жағдайда республика халқының жарты бөлігіне жуық тұрғыны бар ірі қалалар мен өнеркәсіптік агломераттарға тән.

Аса ластанған қалалар қатарына 10 қала, оның ішінде 8 - ауаның ластануы жоғары деңгейдегі қалалар жатқызылды. Қалалардағы ауа ластанудың жоғары деңгейде болуының себебі - өндірістің ескірген технологиялары, тиімсіз тазартқыш құрылыстар, қолданылатын тәмен сапалы отын, қуаттың жаңғыртылатын және дәстүрлер емес көздердің нашар пайдаланылуы. Сонымен қатар өндіріс орталықтардағы халықтың басым бөлігі зиянды шығарындылардың аса қауіпті әсер ету аймағында өмір сүріп жатыр, себебі 20% аса кәсіпорында нормативті санитарлық - қорғау аймағы жоқ.

Автокөліктің күрт көбеюі ірі қалаларда (Алматы, Өскемен, Шымкент) көміртегі оксиді мен азот диоксиді концентрациясының ұлғаюын тудырады, осы заттардың ортақылдық концентрациялары бұл қалаларда шекті мөлшердегі концентрациялардан а с ы п т ү с е д і .

Ауа алабының ластануы, сондай-ақ жаңа көмірсүтегі шикізаттар қоймаларының игерілуімен және ескі қоймалардың жетілдіруімен байланысты, ол атмосфераның күкіртсүтектер, меркаптандармен ластанудың ұлғаюына әкеледі. Ілеспе газдың алауларда жағылуы жылыштай газдардың, күкірт пен азот оксидтердің үлкен көлемі атмосфераға шығарылады, кенорындарының айналасында жоғары жылу аясы қ а л ы п т а с а д ы .

1993 жылдан 2000 жылға дейін зиянды заттардың атмосфераға шығуы 5,1 млн. тоннадан 3,2 млн. тоннаға дейін, негізінен өндіріс құлдырауының арқасында кеміді. Соңғы жылдары экономиканың өрлеу жағдайларында атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын 3,2 - 3,4 млн. тонна деңгейінде реттеуге міндетті мемлекеттік экологиялық сараптаманың жаппай енгізуіндегі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау өткізуіндегі арқасында қолымыз жетті. 2010 жылдан кейін осы тетіктердің бұдан әрі жетілдіру қоршаған ортаны мөлшерден тыс ластайтын кәсіпорындарға қойылатын экологиялық талаптардың күшеттілу арқылы шығарындылардың жүйелі түрде төмендетуге мүмкіндік береді.

Ауа алабын ластаудың жоғарылау қаупін алдын алуға арналған қажетті шаралар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қысқа мерзімді шараларда ескерілетін болады.

### 3.3.2. Радиоактивті ластану

Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігіне айтарлықтай нақты қауіпті радиоактивті ластану төндіреді, олардың көздері мынадай төрт топқа бөлінеді:

уран өндіруші және қайта өндеу (уран кен орындардың үйінділері, өздігінен төгілетін ұңғымалар, қалдық қоймалары, технологиялық желілердің ажыратылған жабдығы) жұмыс істемейтін кәсіпорындарының қалдықтары;

ядролық қаруды сынау нәтижесінде ластанған аумақтар;

мұнай өндіру өнеркәсібі мен мұнай жабдығының қалдықтары; ядролық реакторлардың жұмыс істеуі нәтижесінде пайда болған қалдықтар мен

радиоизотоптық өнім (иондаушы сәулеленудің пайдаланылған көздері).

Қазақстанда алты ірі уран беруші геологиялық өнір, көптеген шағын кен орындары мен уран байқалатын кеніштер бар, олар уран өндіруші кәсіпорындар мен ядролық жарылыстарды өткізген жерлерде шоғырланған, табиғи радиоактивтілігі жоғары деңгейлі қалдықтарға алып келеді.

Қазақстан аумағының 30% табиғи радиоактивті газ - радонның жоғары шығуының ықтимал мүмкіндігі бар, ол адам денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді. Радионуклидтермен уланған суды ауыз су мен шаруашылық мұқтаждықтар үшін пайдалану қауіпті болып табылады.

Қазақстанның кәсіпорындарында иондаушы сәулелердің пайдаланған 50 мыңнан астам көздер бар және радиациялық зерттеудің кезінде 700-ден астам есепке алынбаған көздер анықталды және жойылды, оның 16-сы адам үшін өте қауіпті.

Халықтың радиоактивті улануын және қоршаған органдың ластану қаупін алдын алу үшін радиоактивті ластану көздерін түгендес жөніндегі жұмыстарды аяқтау қажет және 2005 жылға дейін халықтың денсаулығына кері әсер ететін табиғи радиоактивтілікті зерттеуді қамтитын бағдарлама әзірлеу, сондай-ақ құрылышқа арналған алаңдарды таңдағанда және табиғи құрылым материалдарын пайдаланған кезде шектеу шараларын қабылдау қажет. Ауыз судың табиғи көздерінің радиоактивті ластануына бақылау жүргізу және әзірленген Мұнай және өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұнғымаларды жою және консервациялау бағдарламасының шенберінде радионуклидтердің жоғары құрамымен гидрогеологиялық ұнғымаларды жою. Жоғары радиациялық сәуле алушың қауіптілігі туралы халықты уақытылы хабардар ету жөніндегі шараларды әзірлеу. 2005 жылға қарай Уран өндіру өнеркәсібінің радиоактивті үйінділерін жою жөніндегі бағдарлама шенберінде уран өндіру өнеркәсібі үйінділерінің қоршаған ортага және халықтың денсаулығына әсер етуін түгендес және бағалау жөніндегі жұмысты аяқтау.

Проблеманың кешенді шешілуі радиоактивті қалдықтарды ұқсату және көму жөніндегі мамандандырылған ұйымды қамтуы тиіс.

Осы іс-шараларды жүргізу нәтижесі - халықтың сәуле алуын және қоршаған органды радиоактивтік ластануын азайту болып табылады.

### **3.3.3. Бактериологиялық және химиялық ластану**

Бактериологиялық ластану. Бактериологиялық жұқтырудың ықтимал қаупін Арап теңізіндегі Возрождение аралындағы биологиялық полигонның қызметі төндіреді.

Кейбір биологиялық агенттердің қоршаған орта объектілерінде және жануарлардың организмінде ұзақ уақыт сақталатынын ескере отырып, олардың республика аумағына және басқа да шектес мемлекеттерге таралуының нақты қатері бар. Возрождение аралында оба, күйік және туляремия сияқты өте қауіпті жұқпалы аурулардың табиғи-ошақ аймақтары бар екенін жоққа шығармаймыз.

Бактериологиялық ластанудың алдын алу үшін Возрождение аралының аумағындағы қоршаған орта объектілері мен фаунаның тұрақты эпидемиологиялық және эпизоотологиялық мониторингін жүргізу қажет.

Осы мақсатта 2004 жылы жүқпалы ауруларды қозғыштардың ұзақ сақталуы мүмкіндігі тұрғысынан Возрождение аралының әртүрлі бөлігіне бағалау жүргізуді, арал аумағының Қазақстандық бөлігін зерттеуді, оң нәтижелер табылған кезде Возрождение аралындағы биологиялық полигон қызметінің зардалтарын жоюды аяқтау

Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және мемлекеттік обаға қарсы ұйымдар республиканың аумағындағы өте қауіпті жүқпалы аурулардың қоздырғыштары штаммдарының қозғалысына тоқсан сайынғы мониторинг жүргізеді. Барлық облыстардан бөлінген барлық штаммдар қатаң есепке алу қамтамасыз етілген және режим бойынша барлық талаптар сақталатын аса қауіпті жүқпалы аурулар қозғыштарының депозитарийі болып табылатын Қазақ карантиндік және зооноздық жүқпалы аурулардың ғылым орталығына ғана келіп түседі.

Қазіргі уақытта АҚШ-пен бірге мақсаты аса қауіпті жұқпалы аурулардың қоздырыштарынан халықты қорғау және елдің биологиялық қауіпсіздігін құру болып табылатын "Қазақстан Республикасындағы белсенді эпидемиологиялық мониторингтің біріктілген жүйесін құру" бағдарламасы бойынша жұмыстар басталуда.

**Химиялық ластану.** Химиялық заттардың арасында Қазақстанда ерекше қауіпті тұрақты органикалық ластаушылар (бұдан әрі - ТОЛ) тудырады. 2001 жылдың мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметі Тұрақты органикалық ластаушылар туралы Стокгольм конвенциясына қол қойды.

Тұрақты органикалық ластаушылар - биоаккумуляция мен сипатталатын ыдырауға тұрақтылық білдіретін улы қасиеттерге ие химиялық заттардың әртүрлі тобы. Химиялық құрамалар мен осы топтың қоспасы әуе, су және көшетін түрлері бойынша трансшекаралық көшіру объектісі болып табылады, сондай-ақ жердің экожүйелері мен су экожүйелерінде жинақталып, олардың шығарынды көздерінен көп қашықтықта жинақталады.

Белгілі бір органдарды зақымдайтын уларға қарағанда, бұл заттар ішкі реттеу жүйесін бұзады. ТОЛ аздаған мөлшердің өзінде қалыпты биологиялық функцияларды бұзуы, кейінгі ұрпаққа берілуі және адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға нақты

Қазақстандағы ТОЛ-дың едәуір бөлігін пестицидтер құрайды. Өсімдіктердің қорғаудың жаңа құралдарының ете әртүрлілігіне қарамастан, қазірге дейін талдау жасалатын үлгілерде 1950-1960 жылдардың пестицидтері табылуда.

Өнеркәсіптік ТОЛ-дар энергетика, мұнай өндіру және химия өнеркәсібі кәсіпорындарында құралады және пайдаланылады.

ТОЛ табигат ортасы ластануының объективті бағалауы жок, себебі мониторингтің

бар жүйесі топырақтағы және тамақ өнімдеріндегі пестицидтердің қалдық санын ғана айқындауды.

Табиғи ортаға қауіпті әсерін және генетикалық денгейде қайтымыз процестерге әкеп соқтыру мүмкіндігін ескере отырып, 2005-2006 жылдардың ішінде ТОЛ-ды пайдалану мониторингіне және олардың халықтың денсаулығына әсері мониторингіне бағытталған ТОЛ-дың бақылауын, мониторингін және оларды басқару бағдарламасын әзірлеу қажет.

### 3.3.4. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар

Республикада өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың мониторингін, оларды сақтауды, ұқсатуды және кәдеге жаратуды қамтитын қалдықтарды басқарудың мемлекеттік жүйесі жоқ.

Қазақстанның аумағында өндіріс пен тұтыну қалдықтарының 20 млрд. тоннадан астамы, оның ішінде 6,7 млрд. тонна улы заттар жинақталған, бұл ретте, олардың үлғаю үрдісі байқалуда.

Бұл ескірген технологияларды қолданумен, сапасыз шикізатпен және отынмен, кәсіпорындардың өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату мен қайта құнарландыруға қаражат салғысы келмейтіндігімен түсіндіріледі.

Улы қалдықтарды қоса алғанда, өндіріс қалдықтары қазіргі уақытқа дейін көбінесе тиісті экологиялық нормалар мен талаптарды сақтамастан, әртүрлі жинақтаушыларда қоймаға қойылады және сақталады. Осының нәтижесінде көптеген өнірлердің топырағы, жер асты және жер үсті сулары қарқынды ластануға ұшыраған. Қойылатын қалдықтардың тұрақты түрде ұлғаймалы көлемі жаңа техногендік ландшафттарды қалыптастыруды. Үйінділер мен террикондардың биіктігінің өсуімен олар шаң құраудың неғұрлым қарқынды көздеріне айналуда.

Құрауыштарға бөлусіз қатты тұрмыстық қалдықтардың негізгі массасы ашық күресіндерге тасылады және қойылады, оның 97 % табиғат қорғау және санитарлық заңнама талаптарына сәйкес келмейді. Оларды орналастыру және жайғастыру жобасыз және қоршаған ортаға әсер етуін бағалаусыз жүргізілген. Шамамен республикадағы қатты тұрмыстық қалдықтардың тек 5 % кәдеге жаратуға немесе жағуға ұшырайды.

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтарға байланысты проблемаларды шешу үшін өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды басқаруды жетілдіру жөніндегі салалық және өнірлік бағдарламаларды әзірлеу қажет. Осы бағдарламалар шенберінде қатты қалдықтарды басқару жүйесінің әзірленуі, қалдықтарды басқару құрылымын реформалау, кемітүге бағытталған нормативтік құжаттарды әзірлеу және енгізу, қалдықтарды басқарудың есебін және бақылау жүйесін ұйымдастыру, қалдықтарды ұқсату және қайталама пайдалану жөніндегі модельдік бағдарламаны әзірлеу, неғұрлым таза өндірісті енгізу жөніндегі ғылыми зерттеулерді жүргізу, қалдықтарды

ұқсату жөніндегі қызметтің жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге ақпараттық қолдау көрсету, қалдықтарды басқарудың үдемелі жүйелеріне мамандарды оқытуды ұйымдастыру, өндірістік қалдықтар мен төгінділерді және жер қойнауындағы басқа да ағынды суларды көму шарттары бойынша республика аумағының аудандастырылуы көзделуі тиіс.

### **3.3.5. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар**

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауы елдің экологиялық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіреді. Қауіп апatty жер сілкінісі, көшкін сел, сырғыма, су тасқыны, өрт, өндірістік объектілердегі қауіпті өнеркәсіп және басқа да авариялардың нәтижесінде адамның өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруде.

1994 жылдан бастап төтенше жағдайлар нәтижесінде Қазақстанда шамамен 40 мың адам қайтыс болды және 250 мыңнан астам адам зардап шекті. Сарапшылық бағалау бойынша төтенше жағдайлардан тікелей және жанама зиян (жаһандық дүлей апattар болмаған кезде) жыл сайын шамамен 25 миллиард теңгені құрайды.

Орман өрттері экожүйелерге едәуір зиян тигізуін жалғастыруда. Осымен байланысты оларды уақытылы анықтау проблемасы шешілмеген. Орман өрттерімен күресудің сенімді және экономикалық жағынан тиімді авиациялық құралдары жоқ.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын азайту үшін мүнадар қажет:

өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесін, болжаку қызметтерінің жұмысын, мемлекеттік материалдық резервті, елдің авариялық-құтқару күштерін және жедел әрекет ету күштерін қалыптастырудың негіздерін қайта қарауды жетілдіруге бағытталатын Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу;

2006 жылға дейін көмірсуге кен орындарын игерудің геодинамикалық қауіпсіздігінің бағдарламасын қабылдау және геодинамикалық мониторинг жүйесін құрып; ;

2005-2006 жылдары оларды жою жөніндегі қымбат тұратын шаралардан жеңіл ұшақтардың меншікті паркімен мамандандырылған бөлімшелерді құрумен әуе патрулінің көмегі арқылы уақытылы ерте табу мен оларды бастапқы сатысында сөндіру жөніндегі алдын алу шараларына көшу үшін орман өрттері туралы хабарландырудың бірыңғай жүйесін әзірлеу және құру.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуы зардап шеккендердің санын азайтуға және теріс салдарлардан материалдық зиянды азайтуға мүмкіндік береді.

## **4. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары мен тетіктері**

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары экономиканы, заңнаманы және қоғамды экологияландыру болып табылады.

### **4.1. Экономиканы экологияландыру**

Экономиканың экологияландырылуы өндірістің табиғат сыйымдылығын азайтуға және заттар мен энергияның биосфералық алмасу процесіне экономиканың әсерін азайту арқылы тұрақты экологиялық қауіпсіз табиғат пайдалануды қамтамасыз етуде және ресурстық-экологиялық тере-тендікті сақтауда жатыр.

Экономиканың экологияландырылуын жүзеге асыру үшін ресурс ұнемдейтін технологияларды дамыту және экологиялық "лас" өндірістің үлесін азайту, табиғат пайдаланудың, мемлекеттік экологиялық бақылаудың, экологиялық мониторингтің және статистиканың, табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайланудың экономикалық тетіктерін жетілдіру арқылы барлық әзірленетін мемлекеттік, өнірлік және салалық бағдарламаларға экологиялық шарттар мен талаптарды енгізу қажет.

#### **4.1.1. Табиғат пайдаланудың экономикалық тетіктерін жетілдіру**

Табиғат пайдаланудағы жаңа экономикалық тетіктер баға белгілеу жүйесіне экологиялық сипаттамаларды енгізуі, табиғат пайдаланудың ақылылық жүйесін жетілдіруді және міндетті экологиялық сақтандыруды көздейді.

Табиғат пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметінің тиімділігі қаржы ынталандыруын құрумен, сондай-ақ табиғат қорғау қызметіндегі қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық құралдарын енгізумен айқындалады. Табиғат пайдаланушыларды табиғат қорғау іс-шараларын жүргізуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ынталандыру экологиялық төлемдер жүйесін көздейтін табиғат пайдаланудың экономикалық тетігі көмегімен жүргізілуі тиіс.

Коршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер ресурстарды нормативтен тыс пайдаланғаны немесе нормативтен тыс шығарынды және ластаушы заттардың төгінділері үшін ставкаларды арттырудың тетігі арқылы қоршаған ортаның ластануын азайтуды экономикалық ынталандыруды қамтамасыз етеді.

2004 жылы мөлшері ластаушы заттардың көлемі мен түрлерін ескере отырып,

белгіленуі тиіс қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкасы қайта қаралатын болады. Ерекше қорғалатын аумақтарда немесе олардың жаңында ластану көздері табылған кезде қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкаларына арттыру коэффициенттері қолданылатын болады.

Экономикалық құралдар инновацияларды енгізу және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, неғұрлым тиімді және аз қалдықты технологияларды дамыту мен енгізу мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне қатаң нормалар мен стандарттардың белгіленуіне ықпал етуі тиіс.

Табиғат қорғау заңнамасын бұзы салдарынан қоршаған ортаға келтірілген зиян ластану деңгейін және келтірілген залалды (зиянды), қалпына келтіруге, ұдайы өндіріске арналған шығындарды және өзге де шығыстар мен ысыраптарды ескере отырып, толық көлемде өтеуге жатады.

#### **4.1.2. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру**

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру осындағы қызмет процесінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау тетігін құрумен бақылау және құқық қолдану функцияларын жүзеге асыру кезінде қосырланушылықты болдырмау жолымен мемлекеттік бақылау органдарын күштейтуді болжайды.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау органдары инспекциялар өткізумен немесе құқық қолдану іс-қимылдарын жүзеге асырумен байланысты кез келген мәселелерге қатысты тәуелсіз және объективті шешімдерді қабылдау үшін барлық өкілеттіктерге ие болуы тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін дамыту мыналарға бағытталуы тиіс:

құқық қолданудың және заңнаманы сақтауды ынталандырудың тиімді жүйесінің негізгі сипаттамасын табуға мемлекеттік органдарға көмектесетін және ұзақ мерзімді перспективада қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласында мемлекеттік бақылау органдарының институционалдық реформасын жүргізуге ықпал ететін м о д е л ь д і құралы ;

мемлекеттік органдарды, өнеркәсіп кәсіпорындарын, үкіметтік емес ұйымдарды және қалың жүртшылықты қоса алғанда, экологиялық заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке барлық қатысуышылдардың арасындағы ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға жәрдемдесу ;

экологиялық менеджмент жүйесінің маңызды құралы ретінде өндірістік бақылауды м і н д е т т і жүзеге асыру ;

табиғат қорғау іс-шараларының орындалуына қызметтің барлық деңгейіндегі

жауапкершілікті

айқын

анықтау;

қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер беру.

#### **4.1.3. Табиғат пайдалану мен экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландыру**

Әлемнің дамыған елдерінде қоршаған ортаны ластауға рұқсаттар беру қоршаған ортаға әсер етуді міндettі бағалау негізінде бір процеспен жүзеге асырылады.

Осы қағидатты құқықтық іске асырудың бірі әлемнің көптеген елдерінің экологиялық заңнамасына енгізілген қоршаған ортаға әсер етуді бағалау тәртібі болып табылады. Осындай елдер қатарына Қазақстан Республикасы да кіреді.

Қазақстанда, әдетте, ТМД-ның басқа елдеріндегідей қоршаған ортаға әсер етуді міндettі бағалаумен қатар, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық сараптамамен тығыз байланыстағы, қоршаған ортаға әсер етуді бағалау (ҚОӘБ) шаруашылық қызметті ескертумен экологиялық бақылау тетігі болып

т а б ы л а д ы .

Коршаған ортаны превентивтік қорғау немесе қоршаған табиғи ортаға теріс антропогендік әсер етудің алдын алу қағидаты әлемнің көптеген елдерінде жалпы қ о л д а у ғ а и е .

Бұл орайда, өнірдегі экологиялық ахуалды, қоршаған ортаның айлық жай-күйін ескере отырып, ластаушы заттар әмиссиясының рұқсат етілген көлемдерін ғылыми негіздеу, табиғат пайдаланудың ерекше жағдайларын белгілеу қамтамасыз етіледі. Қоршаған ортаның ластануын нормалау халықтың денсаулығына және қоршаған ортаның жай-күйіне зиянды әсер етудің салдарларын барынша ескере отырып жүргізіледі, сондай-ақ жоспарланатын қызметтің әлеуметтік-экономикалық салдарлары да е ск е р і л е д і .

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары негізінде кәсіпорындар жыл сайын қоршаған ортаны ластауға рұқсат алады.

2004 жылы халықаралық тәжірибелі пайдалана отырып, табиғат пайдаланушылар қызметінің жобалық шарттарының ықтимал өзгерістерін ескере отырып, оларды ұлғайту жағына рұқсаттардың қолданылу мерзімін қайта қарау арқылы рұқсат беру жүйесін оңтайландыру болжануда. Бұл кәсіпорындар санының тұрақты өсуін ескере отырып, түсетін құжаттамаға талдау жасауға ресми көзқарастың болмауы үшін қажет.

Бұдан өзге, Қазақстанда жаңа нарықтық жағдайларда табиғат пайдалануды реттеу процесіне жүртшылықты тартуға мүмкіндік беретін пәрменді тетігі болуы тиіс қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу заңды түрде бекітілген. Бұл үшін "Экологиялық сараптама туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з у қ а ж е т .

Бұл мақсаттарда, үкіметтік емес ұйымдарды табиғат қорғау қызметіне неғұрлым белсендірек тарту, олардың ғылыми және шығармашылық әлеуетін пайдалану қажет. Үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) мүмкіндіктері мен ресурстарын қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге, соның ішінде заңнамалық актілерді өзірлегенде, экологиялық жобаларды қалыптастырғанда, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен экологиялық ахуалдың мониторингін өткізген кезде кеңірек тарту қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 253 қаулысымен бекітілген Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының қабылдануын ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы ҮЕҰ экологиялық жобаларды іске асыруға, қоғамдық экологиялық сараптаманы өткізуге қатысуға тартуға нақты мүмкіндік туды.

#### **4.1.4. Экологиялық мониторинг жүйесін жетілдіру**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы экологиялық мониторингті дамытудың деңгейі қазіргі заманғы талаптарға жауап бермейді.

Бақылау пункттерінің мемлекеттік желісі олардың оңтайлы санының 20 %-ын ғана, өлшеу аппаратурасының жарақтандырылуы кезінде қажетті деңгейдің 40-тан 80 %-ға дейінін құрайды. Бақылау және өлшеу техникалық құралдарының тозуы алынатын ақпараттың көлемінің және растығының азауына алып келеді.

Әртүрлі министрліктер мен ведомстволар мониторингінің жүйесін жеткіліксіз ведомствоаралық үйлестіру қоршаған ортаның жай-күйін толық көлемде объективті бағалауды жүзеге асыруға және уақытылы жедел ақпарат алуға мүмкіндік бермейді.

Оған ведомстволық мониторингтің барлық кәсіпорындары мен мекемелеріне енгізе отырып, геоакпараттық жүйелер, сондай-ақ өндірістік мониторинг жүйелері негізінде қоршаған орта мен табиғи ресурстардың экологиялық мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру жөніндегі шараларды тезарада қабылдау талап етіледі.

Оның жұмыс істеуі үшін бақылау және өлшеу жүйелерінің қазіргі материалдық-техникалық базасын жинау, жүйелендіру, сақтау және тарату, жаңғырту үшін экологиялық ақпарат қорын құру, барлық мүдделі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру үшін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қажет.

#### **4.1.5. Экологиялық статистика**

Экологиялық статистика стратегиялық және индикативтік жоспарлардың, мемлекеттік бағдарламалар мен басқа да бағдарламалық құжаттардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға Қазақстанның даму деңгейін, оның әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындауға, мемлекеттік органдар мен жүртшылық қызметінің басым бағыттарын бөле көрсетуге ықпал етеді.

Алайда, көрсеткіштерді қалыптастыруда жүйелі негіздің болмауы, сондай-ақ

олардың аздығы қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйінің өзгеру серпінін дұрыс бағалауға мүмкіндік бермейді.

Осы мақсаттарда қоршаған ортаны қорғау саласындағы индикаторлар мен көрсеткіштердің ғылыми-негізді жүйесін өзірлеу қажет.

Коршаған ортаны қорғау саласындағы индикаторлар мен көрсеткіштердің жүйесі индикативті әлеуметтік-экономикалық жоспарлау мен мемлекеттік статистика практикасына енгізілуі тиіс.

## 4.2. Заңнаманы экологияландыру

Заңнаманы экологияландыру қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудегі экожүйе қағидатының есебінен тұрады және оған заңнаманы жетілдіру және жүйелендіру жолымен қол жеткізіледі.

### 4.2.1. Заңнаманы жетілдіру

Қазақстан құрамына 10 шақты заң мен 200-ден астам заңға бағынысты нормативтік құжаттар кіретін дамыған экологиялық заңнамаға ие.

Экологиялық заңнаманы жетілдіру саласында ең алдымен, дамыған елдердің экологиялық заңнамасымен жақындасуға және халықаралық стандарттарды енгізуге бағыт алынған.

Бірінші кезеңде, іс-әрекеті қоршаған ортаның жай-күйіне әсер етуі мүмкін барлық басқа да заңнамалық актілерге табиғат қорғау нормаларын енгізу қажет.

2004 жылы міндетті экологиялық сақтандыруды енгізу жөніндегі және өндіріс және тұтыну қалдықтарының мәселелері жөніндегі заңнамалық актілер дайындалады, ал 2006 жылға дейін экологиялық аудитті енгізу қамтамасыз етілетін болады. Сақтандыру үйимдарының қаражатты жинауы қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру кезінде елеулі авариялар мен апаттар жағдайында да қоршаған ортаға зиянды өтеуге кепілдік беруі тиіс. Экологиялық аудит өз кезегінде кәсіпорындар мен үйимдарға қоршаған ортаны ластаудың нормативтік көрсеткіштеріне экономикалық жағынан ұтымды әдістерімен қол жеткізуге көмектесуі тиіс.

### 4.2.2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы жүйелендіру

Заңнаманың дамығандығы мен әртараптылығы оны пайдалануда белгілі қындықтарды да тудырады. Көптеген экологиялық заңдар өзара байланысты және біреуін өзгерту басқаларының көпшілігін өзгертуді талап етеді, ол елеулі еңбек шығындарымен қатар экологиялық заңнаманың жалпы жүйесін бұзады, заңдар мен заңға бағынысты актілердің қайшылықтарын тудырады.

Бұдан өзге, аталған заңдарды іске асыру үшін заңға бағынысты нормативтік

құжаттардың көп саны талап етіледі.

Осымен байланысты, заңнаманы одан әрі реформалауды экологиялық заңнама нормаларын ұлғайтуға емес, оларды жүйелендіруге және пәрменділігін арттыруға бағыттау қажет. Атап айтқанда, осы міндетті экологиялық заңнаманы кодтау, яғни, қоршаған орта мен табиғи ресурстарды сақтау жөніндегі норманы қорытындылар жүйелендіру мен нақтылау шешуі мүмкін.

Заңға бағынысты нормативтік құқықтық құжаттарға сілтемесіз тікелей әрекетті ережелердің көшілігін қоршаған ортаны қорғау туралы кодексте көрсету жоспарлануда.

Коршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы кодтау процесі 2006 жылдың аяғына дейін аяқталуы тиіс.

#### **4.3. Қоғамды экологияландыру**

Қоғамды экологияландыру - бұл адамның табиғатпен үйлесімділігіне қол жеткізуге бағытталған қоғам көзқарасының жүйесін қалыптастыру процесі. Оны жүзеге асыру экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді, ғылыми қамтамасыз етуді, экологиялық үгіт-насихатты және жүртшылықтың қатысуын дамыту жолымен жүргізіледі.

##### **4.3.1. Экологиялық білім және тәрбие**

Қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыру негізі ретінде экологиялық білім беруді дамыту үшін мыналар:

білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу бағдарламаларына экология және тұрақты даму мәселелерін енгізу жолымен үздіксіз экологиялық білім берудің жүйесін қалыптастыру;

міндетті және қосымша білім беру жүйесінің барлық деңгейі үшін экология саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру; экологиялық білім беруді мемлекеттік қолдау қажет.

##### **4.3.2. Экологиялық қауіпсіздікті ғылыми**

**қамтамасыз ету**

Экологиялық қауіпсіздікті ғылыми қамтамасыз ету тұрақты дамуға көшудің теориялық және технологиялық негіздерін қалыптастыруды көздейді және іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің мынадай кешенін қамтиды:

табиғи жүйелердің экологиялық сыйымдылығы мен олардың тұрақтылық шектерін айқындау;

экологиялық таза және ресурс үнемдейтін технологияларды, өндірістерді, шикізаттың түрлерін, материалдарды, өнім мен жабдықты, оның ішінде ауыл

ш а р у а ш ы л ы ф ы н д а

ә з ір л е у ;

биологиялық әртүрлілікті, биоқауіпсіздіктің ғылыми негіздерін сақтау проблемасын з е р д е л е у ;

климаттың ықтимал жаһандық және өңірлік өзгерістерін және табиғи орта үшін о ны ң с а л д а р л а р ы н з е р т т е у ;

экологиялық қатерлерді айқындаудың ғылыми негіздерін әзірлеу;

ластанулардың алдын алу мен жою, қоршаған ортаны оналту және қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратудың құралдары мен әдістерін әзірлеу;

адамдардың аурулары мен қоршаған орта сапасы өзгерістерінің арасындағы ба й л а н ы с т ы з е р д е л е у ;

жинақталған білімді жүйелеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми з е р т т е у л е р д і ү й л е с т і р у .

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулерді бюджеттік бағдарламалар және халықаралық гранттар арқылы мемлекеттік тапсырыс бойынша ғылыми мекемелер жүргізеді.

#### **4.3.3. Экологиялық үгіт-насихат және жүртшылықтың қатысуы**

Халықтың арасында экологиялық ақпарат таратудың экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуде үлкен ағартушылық-үгіт-насихаттық мәні бар. Бұл жұмыста орталық, облыстық және аудандық бұқаралық ақпарат құралдары іске қ о с ы л ү ы т и і с .

Сонымен бірге, берілетін материалдардың сапасын, жеделдігін және көкейкестілігін арттыру жөніндегі шараларды қабылдау қажет. Мемлекеттік органдар олар бойынша ресми материалдарды жариялаумен көкейкесті экологиялық проблемаларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуі тиіс. Бұл үшін интернетте экологиялық сайттарды құру және онда ресми ақпаратты орналастыру ғылыми мақалаларды, монографияларды жариялауды жалғастыру, экологиялық газеттер мен журналдарды басып шығару қажет. Экологиялық проблемаларды шешуде барлық мұдделі азаматтардың қатысуының тиімділігін ескере отырып, мемлекеттік органдар экологиялық ақпаратқа тиісті қол жеткізуді, қоршаған ортаны қорғау саласындағы шешімдерді қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс. Осы тетік сұралатын ақпаратты берумен және қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін ірі шаруашылық жобалар бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізумен қ а м т а м а с ы з е т і л е т і н б о л а д ы .

Экологиялық үгіт-насихатта және ағартушылықта табиғатпен үйлесімдікте салауатты өмір салтын насиҳаттауға, экологиялық туризмді дамытуға ерекше рөл бөлу к е р е к .

Халықаралық конвенциялар бойынша міндеттемелерге сәйкес экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін қоғамдық бақылауды жандандыру, қоғамдық

экологиялық сараптаманы жүргізу арқылы экологиялық проблемаларды шешуге, қоршаған ортаның сапасын жақсарту мәселелері бойынша қоғамдық көзқарасты қалыптастыруға қатысуға бағыттау қажет.

#### **4.4. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту**

БҰҰ-ның толыққанды мүшесі бола отырып, Қазақстан жаһандық серіктестіктің негізінде мемлекеттік экологиялық саясатты тиімді жүргізудің кілті ретінде халықаралық ынтымақтастықты пайдалануы тиіс.

1992 жылы Рио-де-Жанейрода негізі салынған және 2002 жылы Йоханнесбургте өткен Дүниежүзілік саммитте нақтыланған тұрақты даму қағидаттары Қазақстан әлемдік қоғамдастықта бұрынғыдан бетер таныла бастағанын ескере отырып, халықаралық қатынастардағы ынтымақтастық пен серіктестік саясатының негізі болуы тиіс.

Осы саясаттың негізгі бағыттары:

халықаралық келісімдердің ережелерін практикалық іске асыру; қоршаған ортаның сапасын бағалаудың және жай-күйін бақылаудың жалпы тәсілдерін, әдістерін, өлшемдері мен рәсімдерін әзірлеу;

үйлестірілген іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулерді жүргізу; экологиялық қауіпсіздік проблемасын шешуде халықаралық тәжірибелі пайдалану; елдің қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы нақты бағдарламалар мен жобаларды шешуде халықаралық ұйымдардың қаражатын тартуды жаңадан дыру.

Мұндай саясатты практикалық іске асыру дамыған демократиялық мемлекеттермен оның дамуы мен қоғамдық құрылымының үйлесімділігі үшін Қазақстанға үдемелі қолдау тартуға ықпал етуі тиіс.

Маңызды халықаралық экологиялық конвенцияларға және халықаралық деңгейде табиғат қорғау қызметіне республиканың неғұрлым кеңірек қатысуын қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық әзірленетін бағдарламаларда халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары және оларды іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар белгіленуі тиіс.

Техникалық және өзге де көмекті алу оны тиімді пайдалануды талдаумен жүргізілуі тиіс. Тек қана ақпараттың жеткілікті қолемін қамтамасыз ету және жергілікті жағдайларды неғұрлым тереңірек түсіну үшін ғана емес, сонымен бірге, олар табиғат қорғау қызметін басқару жөніндегі дағдыларды дайындауы үшін бірлескен жобаларға қатысуға жергілікті сарапшылар мен мекемелерді тарту қажет.

#### **5. Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын іске асыру кезіндегі күтілетін нәтижелер**

Осы құжаттың ережелерін іске асыру республикалық деңгейде іс-шаралар жоспарын әзірлеуді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және ұтымды табиғат пайдалану саласында мемлекеттік қолдау және реттеу шараларын әзірлеуді және іске асыруды болжайды.

Қоғам мен мемлекет қызметінің жекелеген салаларына және экология саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу ерекшеліктеріне қатысты осы құжаттың ережелерін нақтылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік, өндірлік және салалық бағдарламаларын әзірлеу кезінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Бірінші кезеңде (2004-2007 жылдар) Қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданып, іске асырылатын, Қоршаған ортаны қорғау туралы кодекс, міндетті экологиялық сақтандыру туралы, өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы, экологиялық аудит туралы заңдар әзірленетін; қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесі құрылатын болады.

### Бұдан өзге, мынадай:

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған;

2015 жылға дейін Қазақстан Республикасындағы парник газдарының шығарындыларын азайту жөніндегі;

су үнемдеу жөніндегі;

шөлденумен күрес жөніндегі іс-әрекеттер;

халықтың ішкі көші-қоны және экологиялық апат аймақтарының аумақтарын шаруашылық мақсатында пайдалану;

тарихи ластануларды жою жөніндегі;

өнеркәсіп және тұрмыстық қалдықтарды басқаруды жетілдіру жөніндегі;

әскери-ғарыш полигондарының және сынақ кешендері аумағының экологиялық жай-күйінің мониторингі жөніндегі бағдарламаларды іске асыру жоспарлануда.

Бұның бәрі бірінші кезеңде қоршаған ортаға төгінділер мен шығарындыларды тұрақты деңгейде сақтауға және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинақтауға мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде (2008-2010 жылдар) Қоршаған ортаны қорғаудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жолымен тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келетін және қоршаған ортаның жай-күйін сапалы жақсартудың үшінші кезеңінің басталуын қамтамасыз ететін қоршаған ортаны қорғаудың жүйесін құру процесі толық аяқталуы тиіс.

Үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар) барлық ойға алынған бағдарламаларды аяқтау нәтижесінде қоршаған ортаға әсерді азайту қамтамасыз етілуі, қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесі қалыптастырылуы және қоршаған орта объектілері сапасында нормативтік көрсеткіштері және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлары деңгейіне қол жеткізілуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК